

№17 жалпы орта білім беретін мектептің тәрбие жұмысының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылы

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Ұлттық сана-сезімді, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойына игі қасиеттер қалыптастыратын азаматтар тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» басшылыққа алу;
2. Тәрбиенің үш бағытындағы шараларды жоспарлау және өз деңгейінде іске асыру;
3. Терроризм және экстремизмнің алдын алу, құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздік ережелерін сақтау бағытындағы іс-шараларды жүйелі өткізу;
4. Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын іс-шараларды көптеп өткізу.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде өткен оқу жылында қойылған ұсыныстар:

- Ата-аналармен жұмысты: «Әкелер мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі» клубтарын жандандыру.
- «Қамқоршылық кеңесімен» байланысты нығайту мақсатында іс-шараларды бірігіп жасау;
- Қоғамдық ұйымдардың жұмыстарын дамыту және жергілікті қоғамдық ұйымдармен бірігіп жұмыстану;
- Сынып жетекшілердің жұмыстарын одан әрі жаңа форматта ұйымдастыру.
- Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған шараларды көбейту

I. Сынып жетекшілер

Мектепте сынып жетекшілер бірлестігі жұмыс жасайды. Бірлестік құрамына 2023-20234 оқу 49 сынып жетекшісі кірді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ереже» басшылыққа алына отырып, барлық сынып жетекшілерінің лауазымдық міндеттері таныстырылып, Ережемен таныстырылды. Бірлестік жетекшілері тағайындалды.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы

Оқу жылының басында Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзіреттілік, білімалушыларды өз халқының мәдени

дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу мақсатындағы

«Төрт тоқсан- төрт өнер» жобасының мектепшілік жоспары жасалынып, бекітілген.

Жоспар бойынша I тоқсанда республика күніне орай «Ақындар айтысы» тақырыбына сәйкес, II тоқсанда «Алтын сақа» тақырыбында қазақтың ұлттық ойыны асық ату ойыны бойынша челлендж өткізіліп, оқушылар арасында кеңінен насихатталды.

III тоқсанда Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дамыту, жас ұрпақтың дүниетанымында жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау мақсатындағы «Ұлттық қолөнер көрмесі» тақырыбына көрме өткізілді.

Көрменің мақсаты- балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихына маңыздылығы мен қатыстылығын арттыру.

IY тоқсан тақырыбы: «Туған өлкем» фестивалі». Мақсаты: оқушыларға экологиялық тәрбие беру, . туған өлкенің тарихы мен мәдениетімен танысу., жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасымен жалпықазақстандық тазалық айлығына мектеп мұғалімдері мен оқушылар белсене қатысты. Мектеп ауласын тазалау, көшеттер отырғызу, аббаттандыру жұмыстары жастарды табиғатқа қамқор болуға, қорғауға, аялауға тәрбиелері сөзсіз.

Мектептегі Өзін-өзі басқару ұйымы сенбілікке байланысты қызықты акциялар, байқаулар жасап, оқушыларды өз ауласын таза ұстауға шақыруда азаматтық ұстанымдарын үлгі етті.

«9 ай, 9 іс-шара» жобасы

Білім алушыларды тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберіндегі білімге ынталандыру мен денсаулықты сақтауға, ұлттық өнер мен мұраны қастерлеуге және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға баулитын **«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасының** да жыл басында жоспары бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

8 қыркүйек сағат 12:00 де 1-9 сыныптар арасында Республикалық «Дене сергіту» челленджі өтті. Мектебіміздің оқушыларымыз жоғары белсенділікпен қатысты 23.10.2023ж. мектебімізде “Республика күні” қарсаңында білім алушылардың арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында “Әнұран айту” челленджі ұйымдастырылды.

17 қарашада «Асық ату», «Бес асық» ойындарын ойнау челленджі өтті.

Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асырылуы

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында «Жақсылық жаса!» ұранымен 1 тамыз-30 қыркүйек аралығында өтті. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1-сыныптың аз қамтылған, көпбалалалы отбасының балаларына мектеп сөмкелерін табыстады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспарына сәйкес «Қыркүйек айы - Білім айы» 1 қыркүйек, білім күніне арналған сынып сағаттары мен Алғашқы қоңырау» мерекелік іс-шарамен басталды.

«Мектебім-мейірім мекені» тақырыбына өткен сынып сағаттарында талап, ар-ұят, ұлттық мүдде құндылықтары насихатталып, мектептің білім ордасы ретіндегі маңызы түсіндіріліп, мейірімділік, оқу-білімге құштарлық, қамқорлық сияқты қасиеттер насихатталды.

«Даналық мектебі» клубының жұмысы

Клуб шеңберіндегі «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебінің» мақсаты- озық салт-дәстүрлерді талдап түсіндіру, дәріптеу, отбасы тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету. Жоспарға сәйкес мектептердің алғашқы отырыстарында жоспары қаралып бекітілсе, әрі қарай жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырды.

«Аталар мектебі» аясында оқушыларға ұлттық кәсіпті насихаттару, ер балалардың тәрбиесіне қатысты дөңгелек үстелдер өткізілді.

01.02.-09.02.2024 ж аралығында «Жеті атасын білген ұл-жеті жұрттың қамын жер» тақырыбына челлендж ұйымдастырылды. Видеороликтер арқылы аталарының немерелеріне жеті атасын жаттатқаны туралы мазмұнды жұмыстар ұсынылды

Сондай-ақ Наурыз мерекесіне орай өткен көрмеде ат-тұрман әбзелдеріне көрме ұйымдастырып, балаларға таныстырды.

«Әжелер мектебі» жұмысы жүйелі жолға қойылған. Жыл басынан әжелер мектебінің мүшелері тәрбие сағаттарына шақырылып, қыз балалармен дөңгелек үстелдерге қатысып отырады. Қалалық «Аяулы әже» форумына қатысып, тәжірибе алмасты.

15-22.01.2024. аралығында мектептің 1-5-сыныптары арасында «Әжемнің ертегісі» челленджі өткізілді, бұл мектептен тыс өзге әжелерді де ұлттық құндылықтарды немерелеріне насихаттау үшін жүргізілген мазмұнды жұмыс болды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай мектебіміздің II қабатында «Даналық мектебінің» шығармашылық алаңы бір апта бойы жұмыс жасады. Әдемі шаңырақ астында қазақтың ұлттық

Киіз үйдің тұрмыстық заттары қойылып, сыныптар кезектесіп экскурсияға келді. Әбдіре, кебеже, келі-келсап, сандық, бесік, түлкі, қасқыр терілері қойылып, олардың қолданыстағы маңызы туралы кеңінен түсіндірілді.

Ал 20 наурыз күні әжелер Ұлыстың ұлы күні жасалатын ырым, дәстүрлерді көрсетті. Аластау рәсімін, ұлттық тағамдардың дайындалу жолдарын түсіндіріп, халық әндерін орындады.

Сондай-ақ, Ұлыстың ұлы күніне арналған «Даналық мектебі» шығармашылық көрмесі аясында жеңгелеріміз қыз балаларға арналған ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау мақсатында «Қазақтың дәстүрлері-ай» атты танымдық-шығармашылық сағатын ұйымдастырды. Толық нұсқасын ютуб арнамыздан көре аласыздар.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау оралығының жұмысы

Отбасы бала тәрбиесінің басты факторы ретінде өскелең ұрпаққа толыққанды өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған. Әр бала бақыт, махаббат пен түсіністік атмосферасында өсуі керек.

Қазіргі қоғамда жиі ұшырасатын кездейсоқ оқиғаларға жол бермеу үшін ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді қажет етеді. Жаңа оқу жылынан бастап әрбір жалпы орта білім беру ұйымының базасында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (бұдан әрі – Орталық) жұмыс істейтін болды. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді.

Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Орталықтың тақырыптарымен таныстыру мақсатында кездесулер, әр түрлі жастағы оқушылардың ата-аналарына арналған сауалнамалар жүргізіліп, педагогикалық қолдауды қажет ететін ата-аналар анықталды. Орталықтың мақсаты, міндеттері туралы хабарландырулар әлеуметтік желі арқылы ата-аналарға таныстырылды.

Ата-аналарды қолдау мектебінің жетекшілері Баймуратова Р. Х. мен Манабова А. К. тәуелділік түрлері, жоғары сынып оқушыларындағы тәуелділіктің белгілері, тәуелділіктің алдын алудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі туралы дәріс оқып, түсініктеме жұмысын жүргізді.

Кәмелетке жасқа толмағандар арасындағы “Құқық бұзушылықты
болдырмаудың
алдын - алу” барысында жасалған жұмыстар

Терроризм мен діни экстремизмнің алдын-алу жұмыстары

2023 жылдың 9 қаңтарында «Чаглинка станциясы негізгі орта мектебі» КММ діни экстремизм және терроризмнің алдын-алу мақсатында мектеп оқушылары арасында “Діни теріс ағымдар, олардың дәстүрлі діннен айырмашылығы” тақырыбында Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы баяндама жасап, қазіргі кездегі қоғамға қауіп төндіретін діни ағымдар, қоғамдық тәртіп, жеке адамның құқығы мен міндеттері туралы жастар үшін өте маңызды да мағыналы тақырыптарды қозғап, ой бөлісті. Оқушылар өздерін ойландырып жүрген сұрақтарына жауап алып, діни экстремизм туралы білімдерін толықтырды.

2024 жылдың 27 наурызында мектеп ұжымымен «Терроризмнің алдын алу және террористік іс-қимыл кезіндегі педагогтердің, білім алушылардың, персоналдың іс-әрекеті» тақырыбында дәріс сабағы өтті.

Дәріс барысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мамбетова М.К.. ұжымды терроризм кезіндегі міндеттері мен іс-қимылдар алгоритмімен таныстырды.

Жиын соңында 4-тоқсанда сынып жетекшілеріне оқушылармен ұсынылған тақырыптарда оқу-жаттығуларын, тәрбие сағаттарын өткізу ұсынылды.

Патриоттық тәрбие

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты бағыттарының бірі – Ұлттық құндылықтарды игерту: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап. Жас ұрпақты отаншылыққа, патриоттыққа, ел мен жерді құрметтеуге, ана тіліне құрмет сезімдерін дамыту мақсатында жыл бойы тәрбие сағаттары, ерлік сағаттары, дөңгелек үстелдер сияқты түрлі іс-шаралар өткізіліп отырды.

1 қазақ қарттар күніне орай 2 Ә сыныбында «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында 1 А сыныбында «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» тақырыбында тәрбие сағаты өтті, ал 8 А сынып оқушылары қарттарды құттықтап қайтты

20.10.2023 жылы Ұлы Отан соғысының ардагері, бірінші Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 100 жылдығы қарсаңында жоғарғы сыныптарға "Ерлік сабағы " өткізілді. "Ерлік сабағының " құрметті қонақтары болып Абай облысы Қорғаныс істер жөніндегі департамент бастығының

орынбасары (тәрбие және идеологиялық жұмыстар мәселесіне жетекшілік ететін)- басқарма бастығы подполковник Шарипханов Канат Габдығалимович. Абай облысы Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің ардагерлермен жұмыс істеу қызметі инспекторы Джакупова Жанар Ариновна қатысты. Мақсаты: Жасөспірімдерге әскери патриоттық тәрбие беру.

Құқықбұзушылықтың алдын алу

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Қала бойынша кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықты болдырмау, заңды мүдделерін қорғау мақсатында мектебіміздің тәрбие бөлімі Затон полиция бөлімімен, денсаулық сақтау және т.б. өкілетті орындармен тығыз жұмыс жасайды.

07.02.2024 жылы Жастар денсаулығын сақтау және нығайту, оқушылардың денсаулықты жасынан сақтау мәдениетін дамыту мақсатында «Жасөспірім» шұғыл-профилактикалық айлығы аясында Затон полиция бөлімінің майоры М.Рыспаева мен полиция капитаны Г.Қаныбекова 7-11-сынып қыздарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында профилактикалық әңгіме өткізіліп, қыздарға ҚР 122 бабы бойынша «Кәмелеттік жасқа толмағандардың жыныстық қауіпсіздігі» туралы. Отбасын жоспарлау, отбасылық сауаттылықты арттыру бағыттарында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары өткізілді

Ата-аналардың тәрбие ісі мәселелері бойынша мектеппен бірлесіп жұмыс істеуі

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деп дана халқымыз айтқандай, баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Отбасы педагогикалық процеске тарту, тәрбиеші жеке басына құрметпен, сеніммен қарауға итермелейді. Осы тұрғыда балалардың ата — аналарының үйлеріне бару, Бұл мақсатта әртүрлі болуы мүмкін. **Сынып жетекшісінің отбасына баруы**, ата — аналарда тәрбиешінің жеке басы туралы көзқарастарын, оның балаларының қарым — қатынас тәсілдері мен әдістері жайлы түсініктерін қалыптастырады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

Мектебімізде республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Кітапхана қызметкері М.Кружалъскаяның ұйымдастыруымен әр мерекеге арналған кітап көрмесі оқушыларға жаңа кітаптар мен тақырыптық шығармалар туралы кеңінен мәлімет алуға мүмкіндік берді

Оқушылар әр сәрсенбі сайын өздері оқыған кітаптарын әкеліп, сыныпта оқып, сыныптастарымен оқыған кітаптары туралы пікір алмасып отырды. Күзгі, қысқы және көктемгі каникул кездерінде «Отбасыммен бірге оқиық» жобасы қолға алынып, ата-ана мен баланың бірлесе оқуына қызықтыру мақсатында челленджер, байқаулар ұйымдастырды.

14 ақпан – халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектепте жаппай кітапханаға кітап сыйлау акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп мұғалімдерімен бірге барлық оқушылар белсене қатысты.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мамбетова М.К.